

## «Қарағаш орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2023-2024 оқу жылында 10-11 сынып арасында өткен «Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің өтілуі туралы

### Хабарлама

10.01.2024 ж күні 10-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Дөңгелек үстел барысында құқық, құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг туралы мәлімет берді және оқушылардың пікірлері тыңдалды. «Буллинг» және «Кибербуллинг» сөзіне оқушылар постер жасап, өз ойларын айқын жеткізе білді.




«Тығырықтан шығар жол қайсы?» яғни оқушыларға тақырыпқа байланысты ситуациялық жағдайлар беріліп, оқушылар дұрыс ситуациялық жағдайдан шықты.




«Мұны әрбір оқушы білуге тиіс» әдісімен оқушыларға құқыққа байланысты сұрақтар қойылып, оқушылар белсене жауап берді.

«Ойды аяқта» әдісінде мақал-мәтелдің жалғасын тауып, мағынасына түсінік беріліп, оқушылар өз ойларын еркін жеткізе білді.



Ж. Аймауытов: “Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып, адам неше түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі” дегендей, баланың қылмыстық жолға түспеуіне бірінші жауапты отбасы. Сондықтан Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпті күшейтіп, олар үшін мәдени шараларды кең деңгейде өткізу олардың болашағына жағдай жасауды қолға алып отыр.



Сынып жетекшілер:

Серік Данна

Турсынбаева Қ